

Жолдасбаев Сәйден Жолдасбайұлы (1936–2021)

© 2021 ж. Бахтыбаев М.М., Ақымбек Е.Ш.

Keywords: archaeology, S. Zholdasbayev, archaeologist, ethnologist, winterings, estates
Түйін сөздер: археология, С. Жолдасбайұлы, археолог, этнолог, қыстаулар, тұрақ-жайлар
Ключевые слова: археология, С.Ж. Жолдасбаев, археолог, этнолог, зимовки, усадьбы

Mels Bakhtybayev¹, Yeraly Akymbek²

¹Senior Researcher, Research Institute of Archaeology, Akhmet Yassawi International Kazakh-Turkish University, Turkestan, Kazakhstan. E-mail: melsb@mail.ru

²Corresponding author, Doctor of philosophy (PhD), Leading Researcher, A.Kh. Margulan Archaeology Institute, Almaty, Kazakhstan. E-mail: eraly_a@mail.ru

Sayden Zholdasbayev (1936–2021)

Abstract. The article examines the life of one of the famous Kazakh scientists, archaeologist, Doctor of History, professor, Academician of the Academy of History and Social Sciences Sayden Zholdasbaev (1936–2021), the scientific path in the field of historical sciences, including archaeology and ethnology, and the years of teaching at the university. After graduation from the University in 1963, S. Zholdasbayev soon chose the path of science and research. At first, he worked in research institute, then in the universities as the teacher, the associate professor, professor, head of the department, the director of research center. He is one of the first scientists in Kazakhstan who organized an expedition on paleoethnographic research. S. Zholdasbaev conducted research on more than 250 winterings, as well as excavations of about 400 estates. He focused his interest on archaeological materials of the period of XV–XVIII centuries. He successfully defended his Candidate thesis in 1975 and the Doctoral thesis in 1997. As the result of the research work, he has written 10 monographs, 34 textbooks and more than 300 scientific and popular-scientific articles. Having devoted his entire life to archaeology and ethnology, S. Zholdasbayev studied the material and spiritual culture of the Kazakh Late Middle Ages: urban construction, stationary house building, agriculture and crafts, customs and traditions. At the end of the article, there is a list of works by S. Zholdasbayev, who wrote many scientific articles, monographs and books in the field of science and education.

For citation: Bakhtybayev M., Akymbek Ye. Sayden Zholdasbayev (1936–2021). *Kazakhstan Archeology*. 2021, 4 (14), 170–181 (in Kazakh). DOI: [10.52967/akz2021.4.14.170.181](https://doi.org/10.52967/akz2021.4.14.170.181)

Бахтыбаев Мәлс Маратұлы¹, Ақымбек Ералы Шардарбекұлы²

¹аға ғылыми қызметкер, Археология ғылыми-зерттеу институты, Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркістан к., Қазақстан.
E-mail: melsb@mail.ru

²корреспондент авторы, философия докторы (PhD), жетекші ғылыми қызметкер, Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты, Алматы к., Қазақстан.
E-mail: eraly_a@mail.ru

Аннотация. Мақалада қазақтың беделді ғалымдарының бірі, белгілі археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Тарих және қоғамдық ғылымдар академиясының академигі Сәйден Жолдасбайұлы Жолдасбаевтың (1936–2021) өмірі, тарих ғылымдары, оның ішінде археология және этнология салалары бойынша ғылыми жолы мен университет қабырғасындағы ұстаздық жылдары қарастырылады. 1963 ж. университетті бітіргеннен кейін, көп ұзамай ғылым жолына түскен С. Жолдасбайұлы басында ғылыми-зерттеу институты, артынан университеттер қабырғасында оқытушы, доцент, профессор, кафедра меңгерушісі, ғылыми-зерттеу орталығының директоры қызметтерін атқарады. Қазақстанда алғашқылардың бірі болып палеоэтнографиялық бағыт бойынша экспедиция ұйымдастырған С. Жолдасбаев ұзын-саны 250-ден астам қыстау-қоныстарда зерттеу, ал 400-ге жуық баспанаға қазба жұмыстарын жүргізеді. XV–XVIII ғғ. жататын археологиялық материалдар негізінде 1975 ж. кандидаттық диссертациясын, 1997 ж. докторлық диссертациясын жемісті қорғап шығады. Зерттеу жұмыстарының нәтижесінде 10 монография, 34 оқулық және 300-ден астам ғылыми, ғылыми-көпшілік мақалаларды жазды. Барлық ғұмырын археология және этнологияға арнаған С. Жолдасбайұлы қазақтың кейінгі орта ғасырлардағы материалдық және рухани мәдениетін: қала құрылыстары, тұрақты үй құрылыстары, шаруашылығы мен қолөнері және салт-дәстүрлерін зерттеді. Ғылым және білім саласында көптеген ғылыми мақалалар мен монографиялар және оқулықтар жазған С. Жолдасбайұлының бірқатар еңбектерінің тізімі мақала соңында беріліп отыр.

Сілтеме жасау үшін: Бахтыбаев М.М., Ақымбек Е.Ш. Жолдасбаев Сәйден Жолдасбайұлы (1936–2021). *Қазақстан археологиясы*. 2021. № 4 (14). С. 170–181. DOI: [10.52967/akz2021.4.14.170.181](https://doi.org/10.52967/akz2021.4.14.170.181)

Бахтыбаев Мәлс Маратович¹, Ақымбек Ералы Шардарбекулы²


¹старший научный сотрудник, НИИ археологии, Международный казахско-турецкий университет им. Х.А. Ясави, г. Туркестан, Казахстан. E-mail: melsb@mail.ru

²автор-корреспондент, доктор философии (PhD), ведущий научный сотрудник, Институт археологии им. А.Х. Маргулана, г. Алматы, Казахстан. E-mail: eraly_a@mail.ru

Жолдасбаев Сәйден Жолдасбаевич (1936–2021)

Аннотация. В статье рассматриваются основные вехи творческого пути одного из известных казахских ученых – археолога, доктора исторических наук, профессора, академика Академии истории и общественных наук Сайдена Жолдасбаевича Жолдасбаева (1936–2021). После окончания университета в 1963 г., С.Ж. Жолдасбаев сначала работал в научно-исследовательском институте, затем в университете преподавателем, доцентом, профессором, заведующим кафедрой, директором Научно-исследовательского центра. Он одним из первых в Казахстане организовал экспедицию по палеоэтнографическим исследованиям. С. Жолдасбаев провел исследования на, более чем 250 зимовках, а также раскопки около 400 усадеб. В центре его внимания был археологический материал XV–XVIII вв. В 1975 г. успешно защитил кандидатскую диссертацию, в 1997 г. – докторскую. В результате исследовательской работы было написано 10 монографий, 34 учебника и более 300 научных, научно-популярных статей. Посвятив всю свою жизнь археологии и этнологии, С. Жолдасбаев изучал материальную и духовную культуру казахского позднего средневековья: городское строительство, стационарное домостроение, хозяйство и ремесла, обычаи и традиции. К статье приложен список основных публикаций С.Ж. Жолдасбаева – автора многочисленных научных статей, монографий и учебников.

Для цитирования: Бахтыбаев М.М., Ақымбек Е.Ш. Жолдасбаев Сәйден Жолдасбаевич (1936–2021). *Археология Казахстана*. 2021. № 4 (14). С. 170–181 (на каз. яз.). DOI: [10.52967/akz2021.4.14.170.181](https://doi.org/10.52967/akz2021.4.14.170.181)



1-сур. Профессор С.Ж. Жолдасбаев.
Фотосурет С.Ж. Жолдасбаевтың отбасылық
архивінен

Fig. 1. Professor S. Zholdasbayev.
Photo from S. Zholdasbayev's family archive

Рис. 1. Профессор С.Ж. Жолдасбаев.
Фото из семейного архива С.Ж. Жолдасбаева

2021 жылдың 27 наурызда қазақтың беделді ғалымдарының бірі, белгілі археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Тарих және қоғамдық ғылымдар академиясының академигі Жолдасбаев Сәйден Жолдасбайұлы дүниеден өтті.

Қазақстан тарихы мен археологиясының дамуына өзіндік үлес қосқан ғалым, ұстаз Сәйден Жолдасбайұлы 1936 жылы 26 мамырда Алматы облысы Ұйғыр ауданы Үлкен Дихан ауылында көп балалы отбасында дүниеге келген.

1955 ж. Кіші Дихан ауылының орта мектебін бітіріп, 1955–1957 жж. Калининград қаласында әскері борышын өтеген.

1958 ж. С.М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің

тарих факультетіне оқуға түседі. Университет қабырғасында қазақтың белгілі ғалымдары Е. Бекмаханов, М.Б. Ақынжанов, К. Хабиев, Т. Найзагарин, А. Шупековтерден дәріс алды.

С. Жолдасбаевтың археолог ретінде қалыптасуына Қазақ КСР Ғылым академиясы Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнография институтының «Археология» бөлімінде қызмет ететін, т.ғ.к., доцент Ә.М. Оразбаевтың оқыған дәрістері әсер етіп, оның жетекшілік еткен археологиялық экспедициясы құрамында Қарағанды, Павлодар облыстарында жүргізілген зерттеулеріне қатысып, далалық жұмыстар бойынша құнды тәжірибе жинайды. Ол студенттердің ғылыми үйірмелеріне белсене қатысып, 1962 ж. Ленинградта VIII Бүкілодақтық студенттердің ғылыми конференциясында баяндама жасайды [Жолдасбаев 1962: 11–12]. Ә.М. Оразбаев болашақ маманның археологияға деген ынтасын байқап, оны орта ғасырлар археологиясының білікті маман-археологы М.С. Мершиевпен таныстырады. 1959 ж. М.С. Мершиевтің көмекшісі ретінде Шардара су қоймасы салынатын аймақтағы Ақтөбе 1 қаласында қазба жұмыстарға қатысады. Осы жылы орта ғасырларға жататын қоныстық ескерткіштерді қазудың қыр-сырларымен танысып, қалалық мәдениет туралы үлкен тәжірибе жинақтады.

Университетті аяқтар кезінде Ә.М. Оразбаевтың жетекшілігімен С. Жолдасбаев «Орталық Қазақстанның қола дәуірі» атты диплом жұмысын сәтті қорғап, 1963 ж. «тарих-қоғамтану» мамандығы бойынша білім алып шығады. Университетті бітірген соң, жанұя жағдайына бай-

ланысты Кіші Дихан ауылының «Октябрь» орта мектебінде тарих және қоғамтану пәндерінен сабақ берді.

Мектеп қабырғасында бірнеше жыл мұғалім болған С. Жолдасбайұлы археологиядан алыстап кете алмай, өзіне бұрыннан таныс Қазақ КСР Ғылым академиясының Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнология институтының «Археология» бөліміне жұмысқа орналасты. Жұмысқа тұрған алғашқы жылдары Б. Нұрмұханбетов басқарған археологиялық отряд құрамында Жетісу жеріндегі сақ-үйсін дәуірлерінің обаларын қазуға қатысады.

1968 ж. С. Жолдасбаев Институттың аспирантурасына түсіп, К.А. Ақышевтың жетекшілігімен «XV–XVIII ғғ. қазақ халқының материалдық мәдениеті» тақырыбында кандидаттық диссертациясының тақырыбы бекітіледі.

1969 ж. Отырар археологиялық экспедициясы (ОАЭ) ұйымдастырылып, ортағасырлық Отырар қаласындағы көлемді зерттеу жұмыстары басталғанда, С. Жолдасбайұлы Отырардан 3 км жердегі Байылдыр ауылы маңындағы «Дәндібай қыстауы» деп аталатын ескерткішке қазба жұмыстарын жүргізіп, XIV–XV ғғ. жататын Жұма мешітті ашады. Бұл оның ғылыми тақырыбы бойынша алғашқы жұмыстарының бастауы болған еді.

1971 ж. Отырар археологиялық экспедициясы Оңтүстік Қазақстан кешенді археологиялық экспедициясы (ОҚКАЭ) болып қайта құрылды. К. Ақышев жетекшілік еткен бұл экспедицияның құрамында, сол кезде археология бөлімінде жұмыс істейтін барлық қызметкерлер болып, көптеген жұмыстар атқарылды.

1969 ж. бастап осы экспедициялардың құрамында жүріп, С. Жолдасбайұлы Сырдария алқабында, Қаратаудың күнгей және теріскей бетінде археологиялық барлау және тұрақты қазба жұмыстарын жүргізді [Жолдасбаев 1972: 187–193].

1973 ж. академик Ә.Х. Марғұлан басқарған Орталық Қазақстан археологиялық экспедициясы құрамында Ұлытауда жүргізілген зерттеулерге қатысады. Экспедиция барысында Жұман, Болғанана елді мекендерінде, Жошы хан, Алаша хан, Домбауыл кесенелерінде болып, олардың жобаларын түсіріп, зерттейді. Осы сапарында академик Ә.Х. Марғұлан қазақтың отырықшылық мәдениетін дәлелдейтін дерек археологиялық материалдар екенін және оларды Алатау, Қаратау және Ұлытаудың баурайынан іздеу керектігі туралы кеңес бергенін С. Жолдасбайұлы өз еңбегінде жазады. Тіпті осы жылы зерттеуші қазақ руларының таңбалары түскен «Таңбалытасқа» да барып қайтады. Ғалым көп ұзамай осы экспедиция барысында жинаған материалдарын Оңтүстік Қазақстан ескерткіштерімен салыстырып, керемет еңбектер жазады [Жолдасбаев 1973: 102–112; 1978: 203–212].

1979 ж. С. Жолдасбаев Жетісу палеоэтнографиялық экспедициясын ұйымдастырады. Оған дейін бұл бағыт бойынша жекелеген зерттеу жұмыстары жүргізілгенімен, арнайы зерттеулер болмаған болатын. Түркістан ауданында атқарған ізденістер барысында Жалғызтам, Бозақор, Шығырлы I–II, Ақбас елді мекендерін ашып, зерттеу нәтижесінде осы елді мекендерде тұрған қазақтар тек мал шаруашылығымен ғана емес, қолдан суландыру арқылы

егіншілікпен айналысқандығын да дәлелдеп береді. Ал, Қаратаудың теріскей бетінен, яғни Созақ ауданы аумағынан Күлтөбе, Тастөбе, Раң [Жолдасбаев 1974:468; 1975:485; 1976:519] елді мекендерін ашып зерттейді. Жүргізілген зерттеулер барысында ашылған тұрғын үйлер мен бидай сақтайтын қамба орындарына қарап, сол елді мекендердің тұрғындары жер өңдеу шаруашылығымен айналысқандығын анықтайды. Сонымен қатар, зерттеу барысында көне көз қариялардан еліміздің тарихи-мәдени ескерткіштері және тарихымыз жайлы аңыз-әңгімелер жинауды бірге жүргізіп, оған ерекше ілтипатпен қараған.

С. Жолдасбайұлы ортағасырлық қолжазбаларды саралауда Қаратаудың теріскей бетінде орналасқан қалалар жайлы деректерді жинастырып, оларды қазба жұмыстарының нәтижелерімен салыстыра зерттейді. Ол Күлтөбе қаласының орнын ортағасырлық Жыланқарауыл қаласымен (XV–XVI ғғ.) баламалады. Жазба деректерде Жыланқарауыл қаласы үшін Жәнібек хан мен Мұхаммед Шайбани шайқасқандығы және Жәнібек ұлы Махмұд сұлтан Созақ пен Жыланқарауыл қалалары маңында әскер жасақтағаны туралы жазылған.

1975 ж. бірнеше жыл бойы далалық маусымда жинаған археологиялық материалдары негізінде Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих, археология және этнология институтының мамандырылған ғылыми кеңесінде 07.00.06 – «Археология» мамандығы бойынша тарих ғылымының кандидаты ғылыми дәрежесін алу мақсатында «XV–XVIII ғасырлардағы қазақ халқының мәдениеті» тақырыбы бойынша дис-

сертациясын сәтті қорғап шығады. Кандидаттық диссертациясын қорғауда бірінші оппоненті болған академик Ә.Х. Марғұлан қазақ халқы көшпелі ғана емес, егіншілікпен айналысып, тұрақты құрылыстар тұрғызып, отырықшы өмір салтын ұстанғанын диссертант дәлелдеп берді деп қолдаған.

Диссертациясын қорғағаннан кейін, жетекшісі К. Ақышевпен ақылдаса келе болашақ ғылыми зерттеу бағытын айқындайды. Оның кеңесі бойынша Жетісу жеріндегі қазақтарды зерттейтін болып, бұл оның докторлық диссертациясының тақырыбы болып ұласады.

1978–1981 жж. С. Жолдасбайұлы Абай атындағы Қазақ мемлекеттік педагогикалық институтының «Қазақ ССР тарихы» кафедрасына оқытушы болып орналасады. Осы жылдары тарих факультетінің бірінші курс студенттерін ортағасырлық Талғар қаласында археологиялық практикадан өткізіп, дәрісханада оқыған дәрістерінен алған студенттердің теориялық білімдерін практикамен ұштастырады.

1981–2002 жж. аралығында әл-Фараби атындағы Қазақ мемлекеттік ұлттық университетінің Тарих факультетінде «Қазақстанның ежелгі және ортағасырлар тарихы» кафедрасында ұстаз болып қызмет етеді. 1986 ж. КСРО Министрлер Советінің жоғарғы аттестациялық комиссиясының шешімі бойынша «доцент» ғылыми атағы беріледі. Университет қабырғасында ежелгі дәуірден орта ғасырларға дейінгі тарихтың әртүрлі мәселелері бойынша көптеген пәндерден сабақ берумен қатар, қатарынан бірнеше жыл музей ісі бойынша студенттердің практикасын басқарып, КСРО



2-сур. С.Ж. Жолдасбаев ғылыми жетекшісі К.А. Ақышев және әріптесі В.А. Грошевпен бірге. Фотосурет С.Ж. Жолдасбаевтың отбасылық архивінен

Fig. 2. S. Zholdasbayev with his supervisor K. Akyshev and colleague V. Groshev. Photo from S. Zholdasbayev's family archive

Рис. 2. С.Ж. Жолдасбаев с научным руководителем К.А. Акишевым и коллегой В.А. Грошевым. Фото из семейного архива С.Ж. Жолдасбаева

құрамындағы елдердің тарихы қалаларына апарарды.

Қазақстанда палеоэтнографиялық зерттеулердің басында тұрған С. Жолдасбайұлы Жетісу палеоэтнографиялық экспедициясын жасақтап, 250-ден астам қыстау-қоныстарда зерттеу жұмыстарын, ал 400-ге жуық баспанағажазба жұмыстарын жүргізеді [Жолдасбаев 1989: 190–199]. Негізгі зерттеу жұмыстары кейінгі орта ғасырлар мен жаңа заманның басына жататын болғандықтан, ғалымның этнографиялық материалдармен және ХІХ ғ. бастап Жетісу жеріне келе бастаған орыс зерттеушілері, қазақ ғалымдарының жазбаларымен, сонымен қатар қосымша керемет мәліметтер қатарын толықтыратын жергілікті аңыз-әңгімелермен тереңірек танысуына тура келеді. Осы бағытта көп тер

төккен ғалым, осы мағлұматтардың барлығын археологиялық зерттеу жұмыстарынан алынған материалдармен байланыстыра білді.

С. Жолдасбайұлы өзінің зерттеу жұмыстарында қазақтың тұрғын үйі мен елді мекендердің тарихы ежелгі дәуірден бастау алатынын келтіреді. Осы мәселені қарастырған Ә.Х. Марғұлан, К.А. Ақышев, Ә.М. Оразбаев еңбектеріне сүйеніп және жеке өзі жүргізген археологиялық зерттеулер нәтижелерін алға тартып, қола дәуірі, сақ, үйсін, қаңлы кезеңіндегі тұрғын үйлер мен қазақтың тұрғын үйлер арасында тығыз байланыс және сабақтастық бар екендігін, қазақтардың отырықшы қоныстары Қазақстанның барлық аймағында барын айтып өтеді. Тіпті, қазақтың тұрақты үй құрылыстарын

түркі тілді халықтар: өзбек, түркімен, ноғай, қарашай, башқұрт және т.б. баспаналарымен салыстыра отырып зерттейді.

Жинақталған бай материалдар негізінде монографиялық зерттеу жазылып, 1997 ж. ҚР БҒМ Ә.Х. Марғұлан атындағы Археология институты мен Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының мамандырылған кеңесінде «Жетісу аймағындағы елді мекендер мен тұрақ-жайлардың даму тарихы және олардың экономикалық тиімділігі (XVI–XVIII ғғ.)» атты тақырыпта «археология» және «этнография» ғылыми бағытында докторлық диссертациясын қорғайды. 1999 ж. Қазақстан Республикасы Министрлер кабинеті жанындағы Жоғарғы аттестациялық комиссияның шешімімен тарих-археология мамандығы бойынша профессор атағы беріледі.

2002 ж. С. Жолдасбайұлы Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті басшысы О. Сәбденнің шақыруымен Түркістан қаласына келіп, 2002–2006 жж. аралығында «Археология, этнология және музей ісі» кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарады.

2008–2015 жж. аралығында Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті жанындағы Археология ғылыми-зерттеу орталығының директоры, 2016–2021 жж. бас ғылыми қызметкер қызметін атқарады.

С.Ж. Жолдасбаев 10 монография, 34 оқулық және 300-ден астам ғылыми, ғылыми-көпшілік мақалалардың авторы.

Профессор С.Ж. Жолдасбаевтың жетекшілігімен ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің

2009–2013 жж. арналған «Мәдениет саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер» мемлекеттік бағдарламасы аясында «Тарихи-мәдени мұра нысаны – ортағасырлық Сығанақ қаласы» атты ғылыми жоба бойынша Сығанақ қаласында қазба жұмыстарын, ҚР Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің 2012–2014 жж. арналған «Ғылыми зерттеулерді гранттық қаржыландыру» бюджеттік бағдарламасы бойынша «Қаратаудың оңтүстік беткейіндегі ежелгі және ортағасырлық археологиялық ескерткіштерінің сабақтастығы» атты жоба бойынша зерттеу жұмыстарын және «Қызылорда облыстық Мәдениет басқармасының Қызылорда облыстық тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау жөніндегі» Коммуналдық мемлекеттік мекемесі гранты бойынша 2014–2020 жж. аралығында «Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданындағы ортағасырлық Сығанақ қалашығына археологиялық қазба және зерттеу жұмыстарын жүргізу» атты ғылыми жоба бойынша археологиялық зерттеулер жүргізеді.

1998 ж. С. Жолдасбайұлы ҚР БҒМ жариялаған конкурсқа қатысып, орта мектепке арналған оқулықтар дайындады. 7-сыныпқа арналған «Қазақстанның ортағасырлық тарихы» атты кітаптың I–VIII тарауларын жазып, 2003 ж. «Атамұра» баспасынан басылып шығады. 2007 ж. оқулық орыс, ұйғыр және өзбек тілдеріне аударылады. Осы жылы оқулыққа қосымша «хрестоматиясы» баспадан жарық көреді.

2004 ж. 10-сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» атты оқулықты дайындап шығарады. 2006–2007 жж. бұл оқулығы орыс, ұйғыр және өзбек тілдеріне аударылып, оған қосымша

«Хрестоматиясы» баспадан жарық көреді.

2002 ж. 11-сыныпқа арналған «Қазақстан тарихы» оқулығы дайындалып, 2007 ж. бастап «Мектеп» баспасынан қазақ, орыс, ұйғыр және өзбек тілдеріне шығарылады. Сонамен қатар, С. Жолдасбайұлы ЖОО студенттеріне арналған оқулықтарды – 2006 ж. Қ.А. Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің «Тұран» баспасынан «Ежелгі және ортағасырлардағы Қазақстан» атты жоғарғы оқу орындарына арналған хрестоматиялық оқу құралы шығады, 2009 ж. «Ежелгі және ортағасырдағы қазақ елінің тарихы» атты жоғарғы оқу орындарына арналған оқулық және 2010 ж. «Қазақ халқының ежелгі және ортағасырлық тарихы» атты оқулық «Кітап» баспасынан жарық көреді.

2000 ж. «Қазақ университет» баспасынан «М.Х. Дулати және XV–XVI ғғ. қазақ хандығы» атты кітабы басылып шығады. Бұл еңбегінде автор М.Х. Дулатидің «Тарих-и Рашиди» атты еңбегін пайдалана отырып, Қазақ хандығының құрылуы туралы жаңа зерттеулер мен археологиялық еңбектерді салыстыра отырып тың пікірлерді ұсынады. М.Х. Дулатидің еңбегіндегі деректер бойынша қазақ-моғол хандықтары арасындағы, Қазақ хандығы мен қырғыздар арасындағы, Қазақ-Өзбек хандықтары арасындағы саяси қарым-қатынастар, қазақ-қалмақ және моғол-қалмақ қатынастары туралы мәліметтерді келтіреді. Сонымен бірге М.Х. Дулатидің еңбегіндегі қазақ халқының этникалық құрамы, Жетісу аймағындағы қазақтардың әлеуметтік-экономикалық жағдайы (XV–XVIII ғғ.), жазбасындағы жағрафиялық атаулар және ондағы тарихи оқиғалар жайлы да тың деректерді ай-

тып өтеді. Жалпы, Қазақ хандығының Орта Азия хандықтарымен бірде тату, бірде араз болған жаңдайлары туралы өте қызықты мағлұматтар береді.

2003 ж. С. Жолдасбайұлы Сығанақ археологиялық экспедициясын (САЭ) құрылып, өмірінің соңына дейін оның жетекшісі болып келді. САЭ-сы ортағасырлық Сығанақ қалашығында кешенді қазба жұмыстарын жүргізді. Ізденістер нәтижесінде Сығанақ қалашығында мешіт, мешіт-медресе, кесене құрылыстары ашылып, зерттелді. Қалашықтың орталық бөлігінің екі жеріне стратиграфиялық кесік салынып, қала XIII ғ. соңы – XVIII ғ. өмір сүргендігі анықталды. Сонымен қатар, қаланың қорғаныс жүйесі – қақпа, қорған мен мұнаралар зерттелді. Қалашықтың топографиялық құрылымы, суландыру жүйесі, тұрғын үй құрылыстары мен планиграфиясы жайлы деректер алынды [Жолдасбаев және т. б. 2004: 193–202].

С. Жолдасбайұлы Сығанақ туралы жазылған грамоталардың саралай келе, қаланың XIV–XVII ғасырлардағы әлеуметтік-экономикалық өмірі жайлы құнды деректер келтіріп, Сығанақтың суландыру жүйесіне көңіл бөліп зерттеді.

Ортағасырлық қолжазба деректерді зерделей отырып, Сығанақ қаласы 2000 жылға жуық тарихында қаңлылардың, қыпшақ хандығының (XI–XII ғғ.), Ақ Орданың (XIII–XIV ғғ.), Әбілхайыр хандығының (XV ғ.), Қазақ хандығының (XVI ғ.) астанасы болған қала екендігін жазды. Онда қалаға қандай шапқыншылық болсада, өмір қайта жанданып отырғандығын, қаланың Ұлы Жібек жолының бойында тұруына байланысты деп түйіндейді. Жазба деректерге сүйене отырып, XIV ғ. басында



3-сур. Ортағасырлық Сығанақ қаласындағы қазба жұмыстарында. 2017 ж. Фото С.Ж. Жолдасбаевтың отбасылық архивінен

Fig. 3. On excavation work in the medieval city (town) of Syganak. 2017. Photo from S. Zholdasbayev's family archive

Рис. 3. На раскопках средневекового Сыгнака. 2017 г. Фото из семейного архива С.Ж. Жолдасбаева

Сығанақ қаласы Сасыбұқа тұсында Ақ Орданың астанасы болғандығын, одан кейін қаланы оның баласы Ерзен хан билегендігін атап өтеді. Фазлаллах ибн Рузбиханның «Бұхар қаласының қонағы» атты еңбегін саралай келе, Сығанақ қаласы жайлы сипаттамасын және сол кездегі саяси жағдайы туралы деректерді келтіреді [Жолдасбаев 2006: 45–49].

Сығанақ қаласында жүргізілген зерттеулер нәтижелері негізінде 2010 ж. «Ортағасырлық Сығанақ (X–XVIII ғғ.)» атты монография, 2016 ж. «Сығанақ жәдігерлері» атты ұжымдық монография және көптеген ғылыми мақалалар жарық көрді.

С.Ж. Жолдасбаев ғылыми, педагогикалық және қоғамдық қызметінде еліміз үшін үлкен жұмыстар атқарды. Оның студент кезінен бастап археологияға деген қызығушылығы туып, өмірінің соңына дейін ортағасырлық

ескерткіштерге археологиялық зерттеулер жүргізді. Қазақстан археологиясында алғашқылардың бірі болып палеоэтнографиялық зерттеу тобының басшысы болып, қазақтың кейінгі орта ғасырлардағы материалдық және рухани мәдениетін: тұрақты үй құрылыстары, шаруашылығы мен колөнері және салт-дәстүрлерін ғылыми айналымға енгізуде үлкен еңбек етті. Оның ғылыми еңбектері Қазақстан, алыс-жақын шетелдердің ғылыми ортасында мойындалған.

Университет қабырғасында Тарих факультетінің «тарих», «археология және этнология», «музей ісі және ескерткіштерді қорғау» мамандықтарында оқып жүрген студенттерге оқу бағдарламаларын жасап көптеген пәндерден дәріс және семинар сабақтарын өтіп, оларға арналған оқу құралдары мен оқулықтар жазады. Тек тарих факультетінің студенттері ғана емес,

басқа да факультеттердің 1-курс студенттеріне «Қазақстан тарихы» бойынша арнаулы курс сабақтарын өтеді. ЖОО-ның студенттеріне арналған оқулықтармен қатар, мектеп оқушыларына арнап оқулықтар мен хрестоматиялар дайындайды. 7, 10, 11-сынып оқушыларына арнап жазған Қазақстан тарихы оқулықтары бүгінгі күнге дейін қолданыста.

Сәйден Жолдасбайұлы Жолдасбаев барлық ғұмырын Қазақстанның тарих ғылымының және білім беру саласының дамуына арнаған қаламы мен күрегі қолынан түспеген білікті археолог-ғалым, дәрісханаларда студенттерге дәріс пен семинар сабақтарын беруден еш жалықпаған білімді педагог, қиялы ұшқыр, тың ойлары көп тәлімгер, тағылымы терең ұлағатты ұстаз, шәкірттеріне бағыт-бағдар беріп, жөн сілтеуші жетекші, өмірде тәлімі мол тәрбиеші бола білді.

Университет қабырғасында жүріп С. Жолдасбайұлы шәкірт дайындауда көп еңбек сіңіріп, оларға тек білім ғана беріп қоймай, ғылыми

бағытта жұмыс жасауларына жол ашты. Оның жетекшілігімен жүздеген студенттер мен бакалаврлар диплом және бітіру жұмыстарын, бірнеше ондаған магистранттар магистрлік диссертацияларын қорғады. Ғылым жолына түскен шәкірттерінің бірі кандидаттық, бірі PhD докторлық диссертацияларын жемісті қорғап, бүгінде университет қабырғаларында ұстаздарының ісін жалғастырып жатыр.

«Ғалымның хаты, жақсының аты өлмейді» демекші атына хаты сай келген Сәйден Жолдасбайұлының артында қалған еңбектері Отан тарихымыздың беттерінде мәңгілік қалса, аты Қазақстан тарихшыларының қатарынан түспейтіндігі анық. Оқытқан және ғылымға дайындаған шәкірттері С. Жолдасбайұлының жазған дүниелері мен бастап кеткен зерттеу мәселелерін ары қарай жалғастырып, ұстаздарын кейінгі ұрпаққа ұлықтап өтетіндігіне кәміл сенеміз.

Профессор С.Ж. Жолдасбаевтың негізгі ғылыми еңбектерінің тізімі

Авторефераттары:

1. Материальная культура казахов (XV–XVIII вв.): автореф. дис. ... канд. ист. наук. Алма-Ата: Институт истории, археологии и этнографии им. Ч.Ч. Валиханова, 1975. 43 б.
2. Жетісу аймағындағы елді мекендер мен тұрақ-жайлардың даму тарихы және олардың экономикалық тиімділігі (XVI–XVIII ғғ.): тарих ғыл. док. ... дис. автореф. Алматы: Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты, 1997. 48 б.

Монографиялар және телавторлықта кітаптар дайындауға қатысуы:

1. Жетісу тарихы (XVI–XVIII ғғ.). Тарихи және палеоэтнологиялық зерттеу. Алматы: Қазақ университеті, 1996. 298 б.
2. Қазақ халқының жартылай отырықшылық мәдениеті (XVI–XVIII ғғ.) (Жетісу аймағының материалдары бойынша). Алматы: Қазақ университеті, 1998. 157 б.
3. М.Х. Дулати және XV–XVI ғғ. қазақ хандығы. Алматы: Қазақ университеті, 2000. 112 б.
4. Ортағасырлық Сығанақ қаласы (X–XVIII ғғ.). Түркістан: Тұран баспаханасы, 2010. 224 б. (қазақ, орыс, түрік, ағылшын тілдерінде).
5. Позднесредневековые города на северных склонах Каратау. Туркестан: Тұран баспаханасы, 2012. 109 с.

6. Қаратаудың солтүстігіндегі соңғы орта ғасырдағы қалалар. Түркістан: ЖК «Сейт», 2016. 115 б.

7. Сығанақ жәдігерлері. Түркістан: Тұран баспаханасы, 2016. 182 б. (К.М. Жетібаев, М.М. Бахтыбаев және С.С. Мурғабаяевпен бірге)

8. Қазақ елінің XV–XVIII ғасырлардағы тұрақты мекенжайлары / Мәдени мұра бойынша деректер мен зерттеулер. X т. Астана: Қазақ ғылыми-зерттеу мәдениет институтының баспа тобы, 2017. 304 б. (қазақ, ағылшын, орыс тілдерінде).

Ғылыми-әдістемелік еңбектері мен оқу құралдары

1. Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы: көмекші оқу құралы. Алматы: Ана тілі, 1995. 176 б.

2. Ежелгі және орта ғасырлардағы қазақ халқының тарихы. Түркістан: Тұран баспаханасы, 2006. 300 б.

3. Ежелгі және орта ғасырдағы қазақ елінің тарихы / ЖОО студенттеріне арналған оқу құралы. Алматы: Кітап, 2010. 336 б.

4. История древнего и средневекового Казахстана: учебное пособие для студентов высших учебных заведений / отв. ред. А.Б. Калыш. Алматы: Қазақ университеті, 2016. 530 с., илл.

5. Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы. Оқыту әдістемесі: Жалпы білім беретін мектептің 7-сынып мұғалімдеріне арналған. Алматы: Атамұра, 2003. 144 б. (Қ. Адамбосынов және Ә. Көпекбаймен бірге).

6. Орта ғасырлардағы Қазақстан тарихы: Жалпы білім беретін мектептің 7-сыныбына арналған оқулық. Алматы: Атамұра, 2003. 224 б. (Д. Бабаевпен бірге).

7. Қазақстан тарихы / Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 10-сыныбына арналған оқулық. Алматы: Мектеп баспасы, 2006. 208 б.

8. Қазақстан тарихы: аса маңызды кезеңдері мен ғылыми мәселелері / Жалпы білім беретін мектептің жаратылыстану-математика бағытындағы 11-сыныбына арналған оқулық. Алматы: Атамұра, 2007. 196 б.

Мақалалары:

1. Некоторые источники по истории материальной культуры казахов XV–XVIII вв. // Археологические исследования в Казахстане. Алматы: Наука, 1973. С. 103-112.

2. Раскопки на укрепленном поселении Жылан-Караул (XIII–XV вв.) // Известия АН КазССР. Сер. обществ. наук. 1973. № 4. С. 74-77.

3. Раскопки укрепленного поселения Жалғыз-там (XV–XVIII вв.) // В глубь веков. Алма-Ата: Наука, 1974. С. 173-187.

4. Поселение Актас-мечеть (XVII–XIX вв.) // Древности Казахстана. Алма-Ата: Наука, 1975. С. 86-93.

5. Типы оседлых поселений Казахстана (XV–XIX вв.) // Прошлое Казахстана по археологическим источникам. Алма-Ата: Наука, 1976. С. 55-58

6. Жума мечеть XIII–XV вв. в окрестностях Отрара (поселение Байылдыр) // Археологические исследования древнего и средневекового Казахстана. Алма-Ата: Наука, 1980. С. 172-182.

7. Однослойные поселения Сырдарыи (X–XII вв.) // Средневековые города Южного Казахстана. Алма-Ата: изд-во КазГУ, 1986. С. 88-100.

8. Духовная культура казахов в конце XV – начале XVI в. // Известия АН КазССР. Сер. обществ. наук. 1988. № 6. С. 41-47.

9. Қазақ халқының елді-мекен, тұрақты қоныс жайларының даму тарихы және олардың зерттелуі // ҚазМУ Хабаршысы. Тарих сериясы. 1998. № 10. 12-13-бб.

10. Ортағасырлық Сығанақ – Ақ Орданың астанасы болған // Отан тарихы. 2006. № 1. 45-49-бб.

ӘДЕБИЕТ

1. Жолдасбаев С. Памятники эпохи бронзы Центрального и Северного Казахстана по данным экспедиции АН КазССР 1959–1961 гг. // Тезисы докладов на 8-й всесоюзной конференции студентов-археологов. Ленинград, 1962. С. 11-12.

2. Жолдасбаев С. О казахских осёдлых поселениях, найденных во время археологических поисков в 1969–1970 гг. // Поиски и раскопки в Казахстане. / Отв. ред. К.А. Акишев. Алма-Ата: Наука КазССР, 1972. С. 187-193.
3. Жолдасбаев С. Некоторые источники по истории материальной культуры казахов XV–XVIII вв. // Археологические исследования в Казахстане. / Отв. ред. К.А. Акишев. Алма-Ата: Наука, 1973. С. 102-112.
4. Жолдасбаев С. Раскопки городища Куль-тобе // АО-1973. М.: Наука, 1974. С. 468.
5. Жолдасбаев С. Позднесредневековое городище Ран (XII–XVIII вв.) // АО-1974. М.: Наука, 1975. С. 485.
6. Жолдасбаев С. Городище Ран // АО-1975. М.: Наука, 1976. С. 519.
7. Жолдасбаев С. Жилища казахов Южного Казахстана XVI–XIX вв. по данным археологии // Археологические памятники Казахстана. / Отв. ред. К.А. Акишев. Алма-Ата: Наука КазССР, 1978. С. 203-212.
8. Жолдасбаев С.Ж. Зимовки-поселения и жилища казахов Семиречья (XVI–XIX вв.) // Взаимодействие кочевых культур и древних цивилизаций. Алма-Ата: Наука, 1989. С. 190-199.
9. Жолдасбаев С., Қасенов М., Нұрханов Б. 2003 жылы Сығанақ қаласындағы археологиялық зерттеулер // Маргулановские чтения–15: труды науч.-практ. конф. «Новые исследования по археологии Казахстана». Алматы, 2004. 193-202-бб.
10. Жолдасбаев С. Ортағасырдағы Сығанақ – Ақ Орданың астанасы болған // Отан тарихы. 2006. № 1. 45-49-бб.

REFERENCES

1. Zholdasbayev, S. 1962. In: *Tezisy dokladov na 8-y vsesoyuznoy konferentsii studentov-arheologov (Abstracts of reports at the 8th All-Union Conference of Archaeology Students)*. Leningrad, 11-12 (in Russian).
2. Zholdasbayev, S. 1972. In: Akishev, K. A. (ed.). *Poiski i raskopki v Kazahstane (Searches and excavations in Kazakhstan)*. Alma-Ata: “Nauka” Publ., 187-193 (in Russian).
3. Zholdasbayev, S. 1973. Alma-Ata: “Nauka” Publ., 102-112 (in Russian).
4. Zholdasbayev, S. 1974. In: *Arheologicheskie otkrytiya–1973 (Archaeological discoveries-1973)*. Moscow: “Nauka” Publ., 468 (in Russian).
5. Zholdasbayev, S. 1975. In: *Arheologicheskie otkrytiya–1974 (Archaeological discoveries-1974)*. Moscow: “Nauka” Publ., 485 (in Russian).
6. Zholdasbayev, S. 1976. In: *Arheologicheskie otkrytiya–1975 (Archaeological discoveries-1975)*. Moscow: “Nauka” Publ., 519 (in Russian).
7. Zholdasbayev, S. 1978 In: Akishev, K. A. (ed.). *Arheologicheskie pamyatniki Kazahstana (Archaeological monuments of Kazakhstan)*. Alma-Ata: “Nauka” Publ., 203-212 (in Russian).
8. Zholdasbayev, S. Zh. 1989. In: *Vzaimodeystvie kochevykh kultur i drevnih civilizacij (Interaction of nomadic cultures and ancient civilizations)*. Alma-Ata: “Nauka” Publ., 190-199 (in Russian).
9. Zholdasbayev, S., Kasenov, M., Nurkhanov, B. 2004. In: *Margulanovskie chteniya–15 (Margulan readings–15)*. Almaty, 193-202 (in Kazakh).
10. Zholdasbayev, S. 2006. In: *Otan tarihy*, 1, 45-49 (in Kazakh).

Мақала туралы ақпарат / Информация о статье / Information about the article.

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 27.05.2021.